# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 106 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 106б

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 106

P020106_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтағы "19" деген сан "21" деген санмен ауыстырылсын;

2) осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 20 және 21-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 мамырдағы
N 106б қаулысына 1 қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 25 қаңтардағы
N 106 қаулысына 20 қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы
------------------------------------------------
(бюджеттік бағдарламаның әкімшісі)

2002 жылға арналған
052 "Әкімшілік ғимараттарды сақтандыру" республикалық
бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 14018 мың теңге (он төрт миллион он сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы "Жалпы бөлімі" K941000_ және 1999 жылғы 1 шілдедегі K990409_ "ерекше бөлімі"; 2000 жылғы 18 желтоқсандағы "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Z000126_ Заңының 4 және 7-баптары.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджет

қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік мүлікті сақтауды қамтамасыз ету, қауіпті жағдай болған кездегі шығынды қалпына келтіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: әкімшілік ғимараттарды стихиялық жағдайлардан, өрттен, жарылыстан және басқа да апаттардан сақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспары:

| N | Бюджеттік бағдарла. маның коды | Кіші бағдар. ламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдар. ламаның) атауы | Бюджеттік бағдар. ламаны (кіші бағ. дарламаны) жүзеге асыру жөніндегі шаралар | Жүзеге асыру мерзім. дері | Жауапты атқарушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 052 | | Әкімшілік ғимараттарды сақтандыру | 16.07.97 жылғы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Респуб. ликасы Заңына сәйкес ашық конкурс өткізу. 2000 жылғы 18 желтоқсандағы "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Респуб. ликасының Заңы негізінде және сақтандыру агент. терінің ұсынған сақтандыру шарт. тарына сәйкес 5 | Жыл бойы | Қазақстан Республи. касы Пре. зидентінің Іс Басқар. масы |

әкімшілік ғимарат.
тарын сақтандыруға
келісім-шарттар
жасау Шарт бойынша
сақтандыру
жарнасын төлеу
---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтетін нәтижелер: мемлекеттік резиденцияларды сенімді түрде сақтандырып қорғау және де қауіпті жағдай туғанда дер кезінде сақтандыру жарнасын төлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 мамырдағы
N 106б қаулысына 2 қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 25 қаңтардағы
N 106 қаулысына 21 қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы
--------------------------------------------------
(бюджеттік бағдарламаның әкімшісі)

2002 жылға арналған
053 "Мемлекеттік резиденцияларды сақтандыру" республикалық
бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 7552 мың теңге (жеті миллион бес жүз елу екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы "Жалпы бөлімі" K941000_ және 1999 жылғы 1 шілдедегі K990409_ "ерекше бөлігі"; 2000 жылғы 18 желтоқсандағы "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Z000126_ Заңының 4 және 7-баптары.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік мүлікті сақтауды қамтамасыз ету, қауіпті жағдай болған кездегі шығынды қалпына келтіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: әкімшілік ғимараттарды стихиялық жағдайлардан, өрттен, жарылыстан және басқа да апаттардан сақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспары:

| N | Бюджеттік бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі шаралар | Жүзеге асыру мерзімдері | Жауапты атқарушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 053 | | Мемлекеттік Резиденцияларды сақтандыру | 16.07.97 жылғы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ашық конкурс өткізу. 2000 жылғы 18 желтоқсандағы "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде және сақтандыру агенттерінің ұсынған сақтандыру шарттарына сәйкес 12 мемлекеттік резиденцияларын сақтандыруға келісім-шарттар жасау Шарт бойынша сақтандыру жарналарын төлеу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтетін нәтижелер: мемлекеттік резиденцияларды сенімді түрде сақтандырып қорғау, сондай-ақ қауіпті жағдай туғанда дер кезінде сақтандыру жарнасын төлеу.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК